

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі

Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтарын беру, гранттарын тапсыру және Алғысын жариялау туралы

1. Елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуын ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз ету ісіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының елеулі рөлін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтарын беру, гранттарын тапсыру және Алғысын жариялау жөніндегі қоғамдық комиссияның ұсынымын қарай келіп:

Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтарын берісін:

Паттеев Шәмшиддин Әшенқожаұлына – «Түркістан» газетінің бас редакторына, отандық журналистиканың дамуына қосқан елеулі шығармашылық үлесі үшін;

Куряттов Владимир Геннадьевичке – «Казхстанская правда» республикалық газетінің саясат бөлімінің редакторына, елдің қоғамдық-саяси өміріндегі өзекті мәселелерді терең әрі жан-жақты жариялап, көрсеткені үшін;

Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы гранттары тапсырылсын:

Ибрайым Мұхтар Сейтқасымұлына – «Хабар» агенттігі» акционерлік қоғамының тілшісіне, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси реформаларды, Мемлекет басшысының бастамаларын жариялап-көрсеткені үшін;

Ляховская Вера Андреевнаға – «Свобода слова» қоғамдық-саяси апталығының тілшісіне, республиканың әлеуметтік-мәдени өміріне арналған жарияланымдары үшін;

Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы Алғысы жариялансын:

«Дойче Альгемайне Цайтунг» газеті шығармашылық ұжымына – қоғамдық келісімді нығайтуға қосқан үлесі, жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуын жариялап, көрсеткені үшін;

«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің шығармашылық ұжымына – әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің іске асырылуын, мемлекеттік тіл мен ұлттық мәдениетті дамытуды белсенді түрде жариялап, көрсеткені үшін;

«Қазақ радиосы» радиостанциясының шығармашылық ұжымына – әлеуметтік-экономикалық реформаларды іске асырудың барысын, мемлекеттік тілді және ұлттық мәдениетті дамыту мәселелерін жан-жақты жариялап, көрсеткені үшін;

«РИКА-ТВ» телекомпаниясы шығармашылық ұжымына – өңірлік журналистиканы дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін.

2. Осы Өкім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.НАЗАРБАЕВ
Астана, Ақорда, 2016 жылғы 23 маусым. № 99

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

28

МАУСЫМ
СЕЙСЕНБІ

2016 жыл
№96 (19182)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz



● МАРАПАТ

ОТАНДЫҚ АҚПАРАТТЫҢ АЙРЫҚША ҮЛЕСІ



Суретте: ҚР Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова «Сыр медиа» ЖШС-ның бас директоры Аманжол Оңғарбаевқа ҚР Президентінің Алғысын тапсыру сәті.

Кеше ҚР Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтарын мен гранттарын тапсырды және Алғыстарын жариялады.

Мемлекеттік хатшы рәсім барысында сыйлық лауреаттары мен грант иегерлерін, Мемлекет басшысының алғысын алған шығармашылық ұжымдарды, сондай-ақ Қазақстанның барша журналистер қауымын кәсіби мерекемен – Байланыс және ақпарат қызметкерлері күнімен құттықтады.

– Биыл республикамыз өз тәуелсіздігінің 25 жылдығын атап өтеді. Ширек ғасырда Қазақстан кемел азаматтық қоғамы бар қуатты да орнықты мемлекет ретінде қалыптасты. Бұл іске отандық бұқаралық ақпарат құралдары өлшеусіз үлес қосты. Олар мемлекет пен халық арасындағы ажырағысыз байланысты қамтамасыз ете отырып, республиканың қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық даму үдерістерінің бәрін шынайы түрде жариялап көрсетті, – деді Г.Әбдіқалықова.

Мемлекеттік хатшы Елбасы бастамашы болған Бес институционалдық реформаны ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз ету олардың табысты жүзеге асырылуының маңызды шарты екенін де атап өтті.

– Отандық ақпарат кеңістігін өрістетудің жөніндегі маңызды шараның бірі өз кәсіби деңгейін ұдайы арттырып келе жатқан журналистер мен шығармашылық ұжымдарды ынталандыру болып табылады. Шеберлігін, талантын бүкіл қоғамның игілігі жолында барынша жарқыратып көрсеткен баспасөз өкілдерін Мемлекет басшысының арнаулы марапаттарымен атап өтеміз, – деді Г.Әбдіқалықова.

Мемлекет басшысының өкімімен Президент сыйлығы «Түркістан» газетінің бас редакторы Паттеев Шәмшиддин Әшенқожаұлына, «Казхстанская правда» республикалық газетінің саясат бөлімінің редакторы Куряттов Владимир Геннадьевичке берілді.

Гранттар «Хабар» агенттігі» акционерлік қоғамының тілшісі Ибрайым Мұхтар Сейтқасымұлына, «Свобода слова» қоғамдық-саяси апталығының тілшісі Ляховская Вера Андреевнаға тапсырылды.

ҚР Президентінің алғыстары «Дойче Альгемайне Цайтунг» газеті, «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Қазақ радиосы» радиостанциясы және «РИКА-ТВ» телекомпаниясы шығармашылық ұжымдарына жарияланды.

● “ҚАНАТТЫ ҚАЛАМ – 2016” ФОРУМЫ

УАҚЫТПЕН ҮНДЕСКЕН, ҚОҒАММЕН ТІЛДЕСКЕН



Кеше А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні мерекесіне орай «Қанатты қалам-2016» форумы болып өтті. Оған облыстағы барлық БАҚ өкілдері қатысты. Төртінші билік өкілдерін төл мерекесімен облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов құттықтап, осы саланың үздіктерін марапаттады.

– Жыл сайын мамыражай маусымда болатын бұл кездесу – біз үшін үлкен қуаныш. Өйткені, бұл – жыл бойы өңірдің тыныс-тіршілігін көпшілікке жеткізіп, маңызды қоғамдық міндетті арқаалаған сіздерге рахмет айтып, алғыс білдіретін ерекше күн. Ендеше кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын! Алаштың анасы атанған Сыр өңірі – ұлтжанды, мемлекетшіл, халықшыл газеттердің алтын ұстаханасы. Осы өңірдің жылдар бойы қалыптасқан шығармашылық мектебінен мыңдаған журналистер түлеп ұшты. Бүгінде олардың әрісі шетелде, Алматы мен Астанада, берісі өз өлкемізде абыройлы қызмет атқарып жүр. Қазір облыстың медиа кеңістігінде 80-нен астам бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс жасаса, бұл салада екі мыңнан аса адам еселі еңбек етіп келеді. Соңғы жылдары аймақта ақпарат құралдарын мемлекеттік тапсырыс беру арқылы қолдау мен ынталандыру шаралары кеңейді. 2010 жылы ақпарат құралдарымен жұмыс жасауға облыстық бюджеттен 155 миллион теңге бөлінсе, биылғы жылы осы мақсатқа 609 миллион теңге көлемінде қаржы қаралып, қаржы көзі 4 есеге дейін өсіп отыр. Сонымен қатар, осыдан үш жыл бұрын ақпараттық жұмыстың сапасы мен тиімділігін арттыру мақсатында мемлекеттік облыстық, қалалық, аудандық бұқаралық ақпарат құралдары бір орталыққа біріктіріліп, арнайы медиахолдинг құрылған болатын. Қабылданған шешімнің дұрыстығын уақыттың өзі көрсетіп отыр. Бүгін білікті басшы Аманжол Оңғарбаев бастаған «Сыр медиа» ұжымына Қазақстан Республикасы

Президентінің Алғысы табыс етілуде. Бұл – Сыр журналистикасы үшін үлкен қуаныш. Сондай-ақ, биыл облыстық «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының құрылғанына 25 жыл толды. Тағы бір айта кетерлігі, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен жариялылығы қамтамасыз ету мақсатында ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің облыстық филиалы жұмысын бастады. Мереке қарсаңында баршаңызға шығармашылық табыс тілеймін, – деді мәслихат хатшысы.

Дәстүрлі шара барысында облыстық мәслихат хатшысы Н.Байқадамов пен «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаев ақпарат айдынында озық шыққан қалам иелеріне облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарын және номинацияларды табыс етті. Мерекеде біздің «Сыр бойы» газеті журналистерінің де мерейі үстем болды. Газеттің бөлім меңгерушісі Гүлжазира Жалғасова «Үздік очерк» номинациясымен марапатталса, жас тілші Сара Адайбаева талантты журналист Сахитжан Бермағанбетов атындағы дәстүрлі байқау жеңімпаздарының бірі атанды. Сонымен қатар, «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының директоры Жағыпар Қарабала бір топ қаламгерлерді ҚР Журналистер одағының Құрмет грамотасымен, дипломдарымен марапаттады.

Мерекелік кеш әсерлі көңіл-күй сыйлаған концерттік бағдарламаға ұласты.

Дәурен ОМАРОВ.

АЙМАҚҚА ТИІМДІ АЙНАЛМА ЖОЛ

Кез келген дамыған елдердің өзен бойына орналасқан қалалары өзіндік кескін-келбетімен, көзартар сәулеттілігімен ерекшеленеді. Әрісін айтпағанда, өзіміздің Есіл өзенінің бойына орналасқан Астананың санаулы жылдар ішінде әсем қалаға айналуы кімді де болса тамсандырмай қоймасы анық. Бүгінде Есілдің жағалауы елорда жұрты жиналатын, демалатын орынға айналды. Ал қызылордалықтардың қаланың үстің кесіп өтіп жатқан Сыр өзені жағалауы абаттандырылмағандықтан, оның қызығын көре алмай отырғаны жасырын емес. Енді көп кешікпей бұл олқылықтың орны толғалы тұр. Қазіргі таңда дария жағалауында Сұттан Бейбарыс пен Ғани Мұратбаев көшелеріндегі екі көпірдің арасын байланыстыратын айналма жол салынып жатыр.

Біреу күн бұрын жолдың жайын арнайы барып көрдік. Құрылыс қызу жүруде. Елу пайыз біткен. Жерді дайындау, тегістеу, құм мен тас төсеу жұмыстары аяқталған. Мердігер мекеме жұмысшылары қазір жолға шебін төсеуге және асфальттауға кіріскен.

«Автомобиль жолдары басқармасы» серіктестігінің өкілі Жәнібек Сыздықовтың айтуынша, өзен бойымен сымдай тартылып салынып жатқан жолдың ұзындығы 5 шақырымға жуықтайды, ал ені – 9 метр. Мұнда екі жолақты автокөлік жолынан бөлек, ені үш метрден болатын жау жүргіншілер мен велосипедшілер жолы салынууда. Жол бойында 6 аялдама орналасады. Сонымен қатар, жағалау толықтай абаттандырылып, жарықтандырылады. Жобаның жалпы құны – 2 миллиард 122 миллион теңге.

Аймағымыз үшін айналма жолдың маңызы зор. Ол қаладағы көп мәселені шешуге мүмкіндік береді. Біріншіден, жағалауда салынып жатқан жолдың арқасында дарияның табаны тазала-



нып, жаға берік бекітін болады. Сондықтан, бұл бөгеттің де қызметін атқарып, қауіпсіздік мәселесі шешіледі. Екіншіден, Жалаған, Сырдария аудандарынан келген автокөліктер қаланың ішіне кірмей, айналма жол арқылы бірден облыс әкімдігі ғимаратына, әуежайға немесе «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне шығып кетуге мүмкіндік туады. Яғни, қаладағы көлік кептелісі де азаяды. Үшіншіден, бұл жол сол жағалаумен байланыстыратын жаңа көпірге апарады. Сонымен қатар, тұрғындар дария жағасында серуендеп, велосипед спортымен шұғылдана алады.

Бұдан бөлек, биыл Г.Мұратбаев көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейін бір жарым шақырым жол салынады. Бұл – айналма жолдың жалғасы. Оған бюджеттен 200 млн теңге бөлінген.

– Даңғыл жолдың құрылысын қазан айында аяқтауды жоспарлап отырмыз. Бұйырса, жолды пайдалануға берсек, қаланың тынысы ашыла түседі, – дейді Жәнібек Сыздықов.

Д.СЕЙІТЖАНҰЛЫ.

Суретті түсірген: Нұрболат НҮРЖАУБАЙ.



● ОТБАСЫЛЫҚ БИЗНЕС

БІРНЕШЕ КӘСІПТІҢ БЕРЕКЕСІН КІРГІЗГЕН



Әдетте қыз баланың анасына үйірсек келетіні белгілі. Біздің кейіпкеріміздің Гүлнара, Әйгерім есімді қос қарлығашы да кәсіпкерліктің қыр-сырын меңгерген бойжеткендер. Гүлзияның жолдасы Арман Әуез – түркі жұртының абызы Қорқыт әулиенің жолын тұтынып, киелі қобызбен елімізден бөлек, Лондонның талғампаз тыңдарманын тамсандырған аркалы азамат. Қобызды киелі санайтын халқымыздың «қобыз тұрған жер-ге тазалық тұнып, жын-шайтан жоламайды» деген ұғымын естуіңіз бар шығар. Сондықтан Әуез әулетінің

«Ана бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді». Жиі еститін осы даналық лебізге кей-де жеңіл-желпі қарайтынымыз бар. Бір қызығы, дүйім жұртты тәңгі қылған аналардың барша-сын санамызға қол бастаған баһадүр деп қабылдау шарт емес екен. Оған күнделікті өмірде сан мәрте көзіміз жетіп те жүр. Нағыз қазақ әйеліне тән ибалық дағдыны бойына сіңірген, отбасының таусылмас тіршілігімен қатар кәсіп ашып, талай жанның нәпакасын айыруға септігін тигізген нәзікжандылар қандай марапат-мақтауға лайықты екені талас тудырмайды. «Жаксының жақсылығын айт» демеуші ме еді, кенпейіл қазекен. Ендеше кент тұрғыны, танымал кәсіпкер Гүлзия Жақсылыққызы Омар нақ осындай сырбаз ана.

адалдықты, имандылықты ту көтеріп, таразыны кем өлшеу күнә деген үрдісті тұтынганына таңдануға бол-мас.

Гүлзия Жақсылыққызы – көрікті Кентаудың ту-масы. Мамандығы бойынша музыка пәнінің мұғалімі. Жаратушының құдіретіне қалайша бас имессің?! Тағдыр жазып, қасиетті Қазалының өнер дарыған құтты шаңырағына келін болып түсті. Өсілі өнер адамдарының сезімтал, жандүннесті нәзік келетіні белгілі. Біршама уақыт балғын шәкірттерді өнер көгіне қанаттандырған Гүлзия замана ағымымен кейін кәсіпкерлік жолға бет бұрды. «Арай» сұлулық салонын ашты. Міне, мамандығының пайдасын тағы сезінді. Салон ішін өзгеше түрде жасақтайды. Мұнтаздай таза, тұтынушының

көңілінен табылатын білікті шаштараздары бар салон салғаннан көпшіліктің назарына ілікті. Араға уақыт са-лып екінші салонның иесі атанды.

Ізденгеннің мұратқа жетері анық екен. Отбасы-мен ақылдасқан Гүлзия «М-Бай» өрнектелген темір бұйымдар цехын іске қосуға бел байлады. Цех Арман мен Гүлзияның көз қуанышы Мирастың есімімен атал-ды. Қарымды, алтынқолды жігіттердің басын құрап, ша-руаны бастап та кетті. Қаржы мәселесі де шешімін тап-ты. Айтуға оңай. Бұл үшін де біраз тер төгуге тура келді. Ақыры инвестициялық орталық арқылы қомақты не-сие иеленген кәсіпкер Ресейден металл балқытып, ию, тесу қондырғыларын алдырды. Іс оңға жылжыды. Алғашқы қадамын үйдің шарбақ қоршауын, қақта жа-саудан бастаған цехта қазір құрылымы қиын металл бұйымдары әсем бейнәде өрнектеліп, дайындалады. Сұраныстың молдығы өнім сапасының жоғары екеніннің айғағы.

– Біздегі шеберлердің көпшілігі бойында осын-дай өнері бар екендігін цехқа келгенде аңғарып өздері де қайран қалуда. Өздерінің жұмыстарына дән риза. Бұйымдарға сұраныс жоғары. Келесеткенге ауданды бөзндіруге аталысамыз – дейді Гүлзия Омар.

Гүлзия «М-Бай» дәмханасының да иесі саналады. Ашылғанына көп болмаған дәмхана өзінің тіл үйірген тағамы, ғимаратының бөзндірілуі, соңғы үлгімен жасақталуы, ең бастысы, қызметкерлерінің сауда мәдениетін жоғары меңгергендігімен өзге әріптестерінен шұқтығы биік. Мұнда қашан бас сұқсаңыз да, кісі қарасы мол болатынының байқайсыз. Кіммен тілдессеңіз де, ұжым тарапына ризашылығын білдіреді. Осылайша Гүлзия басқаратын бірнеше нысанда қыруар адам еңбек етеді.

Кәсібіңізге береке берсін!

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

● КӘСІПТІҢ КӨЗІ – ТӘУЕКЕЛДЕ

ТАЛАП ТАУДАН ДА АСЫРАДЫ

Дәл осы ұстаныммен жұмыс жасайтын Дінмұхамед Абызов қаламызда тігін фабрикасын ашты. Жеке кәсіпкер ашқан өндіріс орнының ерекшелігі: тұркиялық мамандардың көмегімен ерлерге арналған көйлектер тігуді қолға алды. Оның айтуынша, көршілес өзбек, қырғыз ағайындарының тіккен өнімдері нарыққа кеңінен шығарылуда. «Ал мұны жасау қазақтың да қолынан келеді. Сондықтан көп ойланбай, тәуекелге бел будық», – дейді кәсіпкер.

Сыр жұртышылығы үшін бұл қуанышты жаңалық. Шетелден келетін тауарлардың бағасы қарапайым халықтың қалтасын қағатынын рас. Жергілікті жерден шығатын ерлерге арналған көйлектердің сапасы көптің көпшілінен шығуда.

– Ең басты мақсат өз отандастарымызға сапалы,

әрі бағасы тиімді тауарларды ұсыну болды. Сонымен бірге қосымша жұмыс көзін ашу – өңір тұрғындары үшін де пайдалы іс. Қазіргі таңда 25 адам тұрақты жұмыспен қамтылса, алдағы уақытта оның санын ар-тыру ойымызда бар. Айына әрбір жұмысшы 55-60 мың теңге жалақыдан бөлек, үш мезгіл ас-сүмен тегін қамтамасыз етілген. Дәл қазіргі уақытта қойманы то-лыту мақсатында үздіксіз жұмыс жасаудамыз. Күніне 150-200-ге жуық ерлерге арналған көйлектер тігіледі. Тігіншілеріміздің қолы әбден шираған соң күніне тігілетін тауар санын 500-600 данаға көбейтеміз. Оған жұмсалатын матаны Түркиядан арнайы алдырамыз. Біздің тігіншілердің қолынан шыққан көйлектерді «Да-латекс», «Атрибут» деп аталатын сауда таңбасымен қаладағы «Димаш» ерлер киімін сататын дүкеннен



табуга болады, – дейді фабриканың иесі Дінмұхамед Абызов.

Үлмекен Кәрбозова тәжірибелі тігіншілердің қатарынан саналады. Бұрын өзі үйінен перде, өзге де тапсырыстар тігіп үйренген ол тұрақты жұмысқа орналасқанына қуанышты. Мұндағы тігіншілердің әрқайсысының өзіне жүктелген міндет бар. Мәселен, біреуі көйлектің жағасын, енді бірі жеңін қапсырып, жапсырады. Қарапайым түйме тігу де үлкен шеберлікті қажет етеді. Дайын өнімді ыстық үтікпен басып, ар-найы қаптамаға салу келесі маманның міндеті. Бір сөзбен айтқанда, тігін фабрикасында шығарылатын бір көйлекке бірнеше адамның маңдай тері сінеді.

Тек қана ерлерге арналған көйлектер емес, әйелдер мен балаларға да тапсырыстар қабылданады. Қасиетті Рамазан айында фабриканың 300-ге жуық өнімі қайырымдылық мақсатта мүмкіндігі шектеулі, әлеуметтік жағдайы төмен адамдарға тегін таратыл-ды. Жергілікті өнімді еліміздің барлық өңіріне шығару алдағы күннің еншісінде.

Айсеуле ҚАРАПАЕВА.
Суретті түсірген:
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ.

«ҚАНАТТЫ ҚАЛАМ – 2016» ОБЛЫСТЫҚ ЖУРНАЛИСТЕР ФОРУМЫНДА МАРАПАТТАЛҒАНДАР

№	Аты-жөні	Қызметі
Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталғандар		
1.	ШАЛҒЫНБАЕВА Айткүл Жетібайқызы	«Қазақстан» Республикалық Телерадиокомпаниясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалының редакторы, жүргізуші.
2.	ЕРІМБЕТОВ Кенжалы Райымбекұлы	«Ақмешіт апталығы» газеті бас редакторының орынбасары
Облыс өкімінің «Құрмет Грамотасымен» марапатталғандар		
3.	БАЙТІЛЕС Ержан Айтбергұлы	Республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі
4.	ӨБІП Еркін	Республикалық «Президент және Халық» газетінің меншікті тілшісі
5.	ЖКІБАЕВ Елібай Зұлхарнайұлы	«Қызылорда ныс» интернет газетінің бас редакторы
6.	СКРОБОТОВА Ольга Николаевна	«Қызылорда таймс» газетінің журналисі
7.	БРЕЖЕЕВ Ғалымжан Жұманазарұлы	«Қазақстан» Республикалық Телерадиокомпаниясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалының редакторы
8.	БҮРКІТБАЕВА Гүлнұр Бейбітбекқызы	«Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясы» ЖШС редакторы
9.	ШҒІЛАНОВА Жанар Мырзаханқызы	«Жарасымды жаңуя» журналының бас редакторы
Облыс өкімінің «Алғыс хатымен» марапатталғандар		
10.	СУХАНБЕРЛИЕВ Амангелді Нұманұлы	«Нұр Жан» журналының бас редакторы
11.	БҮРКІТБАЙҰЛЫ Бейбітбек	«Қазақстан Заман» газетінің меншікті тілшісі
12.	ТҮМЕНБАЕВ Өмірбай Әбсәдуақасұлы	«Ақмешіт ақшамы» газетінің фототілшісі
13.	ЖАКІБАЕВА Валентина Оразжановна	«Час Пик» газетінің журналисі
14.	ЖАҚАНОВ Әлібек Серікұлы	«Қазақстан» ұлттық телеарнасының меншікті тілшісі
15.	ДІНІСЛАМОВ Ғалым Шәмшіұлы	«Принт» баспаханасының директоры
16.	ӨЛІБЕКОВ Жалғас Балғабайұлы	«Қазақстан» Республикалық Телерадиокомпаниясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалының жетекші дизайнері

17.	«KNA AlashInform» ақпараттық агенттігі ұжымы	Директоры Тұяйбаев Ғабит Өнешұлы
18.	ЕРМАҒАНБЕТОВА Зухра Нұрғалиқызы	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушысы
19.	САЙМАСАЕВ Оңар Әлімұлы	«Азаттық радиосының» меншікті тілшісі
20.	БАТЫРШАЕВ Нұржан Оразбекұлы	«Қазақстан» Республикалық Телерадиокомпаниясы» АҚ Қызылорда облыстық филиалының бейнеинженері
21.	ТҒРАСОВ Нұржан Серікұлы	«Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясы» ЖШС бейнемонтажері
22.	МЫРЗАШЕВА Дана Бектиярқызы	«Халық» газетінің техникалық редакторы
23.	РАХИМТОВА Мейрамүлп Мырзабекқызы	«Ақмешіт апталығы» газетінің дизайнері
24.	ДҮІСЕНБАЙҚЫЗЫ Жаная	«Ел тілегі» газетінің жауапты хатшысы
25.	БЕКТІБАЙ Бақыт Бектібайқызы	«Тіл сақшысы» газетінің журналисі
«Қанатты қалам – 2016» облыстық журналистер форумының номинация иегерлері		
Номинация атауы		Үміткер
26.	«Гибратты ғұмыр»	Крючкова Галина Долдашевна – «Қызылорда таймс» газетінің директоры
27.	«Үздік насихатшы»	Байназар Миуа Қожақсызы – республикалық «Айқын» газетінің меншікті тілшісі
28.	«Кәсіпкер келбеті»	«Кәсіпкер және мәдениет» журналы мен «Кәсіпкер келбеті» газетінің директоры Таңқырбай Жүзбай Ибрағимұлы
29.	«Жанашыр тілші»	Сағатпаева Шарипа Мұхтарқызы – республикалық «Астана» телеарнасының меншікті тілшісі
30.	«Жедел ақпарат таратушы»	Әуезов Елұбай Жұманұлы – «ҚазАқпарат» агенттігінің меншікті тілшісі
31.	«Үздік сарпашы»	Құлтанова Баян Рахатқызы – «Қоғам ТВ» телеарнасының шеф редакторы
32.	«Аймақ жаршысы»	Төжібаева Райхан Тоғызбайқызы – республикалық «24 kz» телеарнасының меншікті тілшісі
33.	«Қырағы журналист»	Нұрмағанбетов Нұржан Өсжанұлы – тәуелсіз «Халық» газетінің бас редакторы
34.	«Үздік заманауи журналист»	Жақыпбек Нұрлан Жаңақұлұлы – республикалық «Хабар» телеарнасының меншікті тілшісі

● ДЕКЛАРАЦИЯ НЕНІ КӨЗДЕЙДІ?

ӨРКЕНИЕТ ЖОЛЫНА ҚАРАЙ ЖАСАЛҒАН ҚАДАМ

Қазақстан – экономикалық реформа-лармен қатар саяси, құқықтық реформа-ларды жүзеге асыруға белсене кіріскен өркениетті мемлекет. Осыған орай елімізде жалпыға бірдей декларациялауға кезең-кезеңімен көшу жоспарланғанын атап өтуіміз керек. 2017 жылдан бастап мемлекеттік қызметшілер, депутаттар, ұлттықкомпания, холдингертердіңәкімшілік персоналы, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің қызметкерлері деклара-ция тапсырады.

Жалпыға бірдей декларациялауға көшудің мақсаты – көлеңкелі экономикаға және сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы күрес үшін жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін тиімді бақылау жүйесін құру, сондай-ақ салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жиналуын қамтамасыз ету-де мемлекеттің рөлін күшейту болып та-былады. Жалпыға бірдей декларациялау, атап айтқанда, барлық көмелетке толған азаматтарға, оралмандарға және тұрғыа ықтияр хаты бар адамдарға қатысты бо-лады. Өз кезегінде тек мүлкі болған не-месе табыстарын қазақстандық көздерден алған жағдайда ғана көмелетке толмаған және шетелдік азаматтарға да қатысты бо-лады.

Тұтас алғанда, жалпыға бірдей декларациялауға көшу 2017 және 2020 жылы декларация тапсыру міндеті жүктелген адамдардың тобына қарай кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

2017 жылдың 1 қаңтарынан баста-латын бірінші кезеңде жалпыға бірдей

декларациялау субъектілері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңда айқындалған тұлғалар және олардың жұбайлары болып табылады. Олар қазір де декларация тапсыратын тұлғалар – мемлекеттік қызметшілер, депутат-тар, соттар, Ұлттық банк қызметкерлері. Келесі тұлғалар – ұлттық компания, холдингертердің әкімшілік персоналы. Үшінші топ – мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің қызметкерлері. Ал 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап еліміздің қалған халқы осы жүйеге кіретін болады.

Жалпы, бірінші кезеңде 1,8 млн адам декларация тапсыратын болады. Екінші кезеңде шамамен 11 млн адам осы жүйеге қосылады деп болжанып отыр.

Бастапқы декларацияда жеке тұлғаның меншік құқығында бар мүлкі туралы, сондай-ақ талаптар мен міндеттемелер жөнінде мәліметтерді көрсету қажет. Кейіннен халық жыл сайынғы табысы, са-тып алған немесе сатқан мүлкі туралы дек-ларация тапсыратын болады. Бұл ретте, жалақы, зейнетақы, стипендия ғана ала-тын зейнеткерлер, студенттер, жалдамалы жұмыскерлер ешбір сансыз бір парақтағы қысқаша декларация тапсыруға мүмкіндік алады. Егер адамның кіріс көзінің аясы кеңірек болса, онда ол толық декларация тапсырады.

Сонымен декларация тапсыратын мезгіл жақындап келеді. Бұл Қазақстанның өркениет жолына қарай басқан тағы бір маңызды қадамы болып табылады.

Ж.ӘЛМАХАН.

ҚАЛАЛЫҚ АУРУХАНАҒА ЖАҢА АППАРАТ ОРНАТЫЛДЫ

Облыс орталығындағы қалалық ауруханаға “ҚазMedTex” АҚ қаржы лизингі шарты негізінде “Dornier Medilas Solve” медициналық лазерлік жүйесін орна-ты. Жаңа құрал хирургиялық жұмыстарға арналған. Аталған медициналық аппа-рат бүйрекке жиналып қалған тастардың химиялық құрамы мен тығыздығына қарамастан, толықтай жоюға мүмкіндік береді. Айта кетейік, бүгінде қалалық ау-рухана мен “ҚазMedTex” АҚ арасында медициналық техниканы лизингке алу бой-ыпша 10-ға жуық келісімге қол қойылды.

“ҚазMedTex” АҚ – мемлекеттік лизингтік әлеуметтік салаға негізделген Қазақстан мен ТМД аумағында теңдесі жоқ мекеме. Аталған АҚ “Са-ламатты Қазақстан” мемлекеттік бағдарламасы аясында 2010 жылдың 23 қарашасында құрылған болатын. Сол уақыттан бері “ҚазMedTex” АҚ-ның ықпалымен 160 денсаулық сақтау мекемесінде медициналық техника жаңартылды. Мекеменің соңғы 5 жылда атқарған қызметінің нәтижесінде еліміз бойынша 500-ге жуық медициналық тех-ника лизингке сатып алынды. Ағымдағы жылдың басынан бері “ҚазMedTex” АҚ-ға медициналық техникаларды лизингке алу жөнінде 400-ге жуық өтініш келіп түскен. Қазіргі таңда оның 92-сі мақұлданып, 118 жоба кері қайтарылды.

Қызылорда қалалық ауруханасына орнатылған медициналық аппарат Германия-да жасалған. Мұндағы мамандар аталған аппараттың көмегімен науқастарға сапалы қызмет көрсетуге болатынын жеткізді. Бүгінге дейін дәл осындай медициналық техника облыстық денсаулық сақтау орталығында орнатылған болса, алдағы уақытта науқастарға қалалық ауруханада да ем жүргізуге мүмкіндік туып отыр. Жаңа құралмен жұмыс жасау үшін мұндағы медицина мамандары арнайы оқудан өткен. Аппаратпен күніне 4-5 адамға қызмет көрсетуге болады.



Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

4ТАНЫМ

Ой түбінде жатқан сөз

Күнделікті әдетіммен жұмыстан қайтып бара жатып кезекті автобусыма міндім. Келесі аялдамадан аяғы ауыр келіншек отырды. Үстіндегі ұзын етек көйлегі жарасып тұрғанымен бөліне төгілген әдемі шашын жайып жібергені көзге оғаш көрінді. Бұл жас келіншектің ақыл айтар анасы не енесі жоқ па екен деп ойладым. Бейтаныс жүкті әйелге «шашыңызды жинап жүрмейсіз бе, бір тал шашта үлкен кие бар» деп айтқым келіп оқталғаныммен,

БІР ТАЛ ШАШТА КИЕ БАР

құлағына жапсырып ұстаған ұялы телефонын тастамастан мешіттің аялдасинан түсіп қалды.

Расында, қарап отырсаңыз, қазіргі кезде бойжеткендер де, жас келіншектер де, тіпті жасы қырықтан асқан салмақлы әйелдерде шаштарын жайып жүруді әдетке айналдырды. Жаздың аптап ыстық күндерінде іші адамға лық толы қоғамдық көліктерде нәзік жандарымыздың ұзын шашы желмен ұшып, айналасындағыларға қолайсыздық тудырады. Оған егіміз өліп кеткені соншалық қауіпті жағдай секілді көреміз. Қазақ халқының әйелдері қай уақытта шашын жаятын болған? Мұны әрбір ана, үйдегі не қыздарымыз бен келіндерімізге айтып отырса, жаңағыдай әбестік нәрселер болмас еді.

Әулат заманда, соғыс, аштық, жұт сияқты апаттар, басқа түскен қиындықтар кезінде әйелдер шашын жайып, бүйірін таянып жырылау арқылы күйзелісін сыртқа шығарған. Бүйірін таянуды да жаман ырымға балап, оған тығым салады. Күйеуі, баласы, жақын адамы қайтыс болғанда да «Қара шашымды жаяйын, жаяйын да жылайын» деп жоқтау айтқан. Ша-



шын жаю деген жаман ырым осыдан қалған. Ал қазір ше? Бөліне төгілген әлп-әдемі қою кара шашын жайып жүру – қыздарымыз үшін сән. Оны заманауи үлгіде жинап, өріп қойса сондай сүйкімді көрінер еді. Бұрындары тобығына дейін өсірілген ұзын шашты екіге бөліп өрген, оны қос өрім, егіз өрім деп атаған. Шашбау, шолпы, шаштенге, шашқап – шашқа арналған әшекей бұйымдар. Бағзы заманда шашбауды зергерлер күмістен өрнектеп, ауырылау етіп жасаған. Шашты қос өрім етіп өріп, шашбауды таққанда ол ауырлығынан басты тартып тұрған. Бұл өз кезегінде қыздардың еңкеймей, басты тік ұстап, әсем жүріуне көп септігін тигізген.

Бүгінде «африканские косички» деген шаш үлгісі сәнге айналды. Негізгі, ол африкалық емес, қазақтың ежелгі салты болып саналады. Оны көпшілік біле бермеуі мүмкін. Ежелгі салт-дәстүрімізге сүйенсек, ата-бабаларымыз көп бұрымның қасиеті де көп болады деп сенген. Африкалықтар, өзбектер, тәжіктер, ұйғырлар қыз баланың шашын көп бұрым етіп өреді..

Әйелдің көркі болып саналатын шашта кіе болатынын үлкендер жақта көп айтып отыратын. Шашқа қатысты ырым, нанымдар да,

қазаки тұйымдар да жетерлік. Бұрынырақта аналарымыз белден асқан шашын қимаған. Ұзын шашты орынсыз кесу үлкен қасіретке ұшыратуы мүмкін деп пайымдаған. «Бір тал түскен шашты кез келген жерге тастамайды, құс іліп кетсе, бас ауруына шалдығады» деген де бұрыннан бар тұйым.

Ғалымдар осы тұйымның астарында ақиқаттың жатқанын анықтады. Олардың пайымдауынша, адам шашы ғарыш энергиясын қабылдайтын «антенна» боп табылады екен, яғни шаш өзін қоршаған ортамен хабар алмасып тұрады-мыс. «Антеннаға» шаштың сыртқы ғана емес, ішкі құрылысы да ұқсас келеді. Соңғы жылдары ғалымдар ашқан тағы бір жаңалық – адам шашының Ян қуатына бағынатындығы. Ғарыштық сәуледен пайда болатын бұл қуат дұрыс шешім қабылдауды, тереннен ойлауды дартатын көрінеді. Сонымен қатар ғалымдар әйелдердің шашы Инь қуатына бағынатынын айтады. Бұл қуат қыз-келіншектердің бойына жұмсақтық, мейірімділік, байыптылық, кешірімділік тәрізді қасиеттерді дарытады екен. Олай болса, аталарымыз бен әжелеріміздің қыз-келіншектерге жалаңбас жүрмеуді, мешітке ора-

мал тартып кіруді, әсіресе емізуді баласы бар әйелдерге қатаң талап етуі тегін емес. Ал ежелгі Русьте әйелдердің аяғы ауырлаған бойда іштегі балаға қорғаар қуаттар, әртүрлі жағымсыз жағдайлар шаш арқылы әсер етпесін деп, олардың шашын тықырлап алып тастайтын болған. Қазіргі ғылымның шашқа байланысты ырым-тұйымға ескінің қалдығы деп қарамауды, оған жаңаша көзқараспен қарауды ұсынуы – басты негіз.

Шаш күш жинағыш қасиетке ие. Қытайдың әскери өнерді меңгерген баатырлары мен жақсы жайсаңдары туралы көркем фильмдерінде өздерінің биоэнергиясын басқара алатын монахтар барлық күш қуатын бұрымдарына жинап, оны қару ретінде қолданады. Қазіргі ғылым оның ақиқат екенін дәлелдеп қана қоймай, шаштан әртүрлі «хабар» алуды да үйрене бастады. Оған нақты дәлел де жоқ емес. Криминалистер бір тал шашы арқылы адамның есірткі қабылдайтын, қабылдамайтынын, тағы да басқа жағдайларды анықтай алады. Саусақ таңбалары бір-біріне ұқсамайтыны сияқты кісінің шаштарында да тигімдей ұқсастық болмайды. Тек бірдей шаш бір жұмыртқалы етіздерде ғана болады екен. Тәжік рибелде бір тал шаш арқылы «гендік дактилоскопия» әдісін қолдана отырып, қылмыскерді де табуға мүмкіндік бар.

Шашты зерделейтін ғалымдардың кенесі бойынша адам үлкен қиындықтарға тап болып, ұзақ уақыт күйзелуді бастан өткерсе, шашын қидырып, алдырып тастағаны жөн. Себебі, шаштың «есте сақтау» қасиеті бар көрінеді. Ол жүйкені, миды мазалап, көңіл күйді, денсаулықты бұзуы әбден мүмкін. Бүгінгі жастар шаш үлгілерінің тарихынан хабарлар болып жүрсе, қыздарымыз жалбыраған шаштарын жинап, салт-дәстүрімізге құрметпен қараса деп айтқымыз келеді.

А.САҒАТБЕКҚЫЗЫ.

ӘУЕЛЕДІ ӘСЕМ САЗ



Сұлу ән әрқашан жанға серік. Өнердің өз әлемі, өз сиқыры, таңғажайып керемет күдіреті бар. Сөзім сиқырын әнімен әуелеген облыстық филармонияның эстрада орындаушылары мен «Сыр самалы» вокалды-аспапты ансамблі және камералық оркестр маусымдық жабылу концертін өткізді. Жыл бойы жасаған еңбектің нәтижесін көпшілікке ұсынып, жұртшылықтың

ықыласына бөленді.

Сахна шымылдығын ҚР еңбек сіңірген әртісі Күлән Қалымбетова «Менің-дағы бір аққуым бар шығар» атты А.Қоразбаевтың әнімен ашты. Одан кейін «Тұран» триосы, И.Ахметова, Б. Найманов, Н.Тілеулесова, О.Нұралиев, Р.Ысбақова тағы басқа әншілер сұлу сазды төгіште шырақ көрерменнің көшмесіне ие болды. Ал «Сыр са-

малы» вокалды ансамблі Кенжетай Елденбаевтың жетекшілігімен Л.Рассолдың «Маскарадың» орындады.

Айта кетейік, осыдан екі жыл бұрын облыс әкімінің қолдауымен камералық оркестр өз жұмысын бастаған болатын. Аз ғана уақыт ішінде өңір жұртшылығына рухани-мәдени демалыс сыйлап, қазақ композиторларының шығармалары мен әлемдік өнер туындыларын насихаттап жүрген бұл ұжым көрерменнің көзайымына айналып үлгерді.

Оркестрдің дирижері ҚР Білім беру ісінің үздігі, «Мәдениет қайраткері» төсбелгісінің иегері Кеуілмжіай Ботабаевтың дирижерлауымен әлемдік, халықтық және Қазақстан композиторларының шығармаларын орындаушылар Самал Байсейтова, Дархан Алмасұлы және балалар шығармашылығы байқауының лауреаттары Нұртілеу Өтеген, Диас Омар, Бақаулет Исабеков, жеке аспапта Алдияр Шадгатов пен Тоқтар Ағыраевтар өнер көрсетті.

Әуелеген әсем саз бен құлақтың құрышын қандыра шығармалар орындалып, маусымдық жабылу концерті жоғары деңгейде өтті. Өнерге сусаған көрермен ыстық ықыластарын амады.

Айсауле ҚАРАПАЕВА.

СПОРТ

ТАРТЫСТЫ ӨТКЕН ТУРНИР

“Евразия” спорт кешенінде белгілі азамат Тимур Қожаниязовты еске алуға арналған шағын футболдан І ашық турнир өтті. Турнирдің ашылу салтанатында сөз алған облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы С.Мұстафаев, “Интер-гас Орталық Азия” АҚ Қызылорда магистралдық газ құбыры басқармасы филиалы кәсіподақ комитетінің төрағасы Нұрсұлтан Назаров және Тимурдың ағасы Серік Қожаниязов қатысушыларға сәттілік тілеп, турнирдің жас ұрпақ үшін маңыздылығына тоқталды.

Аяқлоп шеберлері арасындағы тартысты бөсекеге 8 команда, 100-ге жуық спортшы қатысып, өзара бақ сынасты. Жарыстың қорытындысы бойынша, үздік

ойын көрсеткен “ҚазГерМұнай” командасы турнирдің жеңімпазы атанса, ІІ орынды “Халық банк” командасы иеленді. Ал келесі орынға ОИД-ның жігіттері тұрақтады. Турнирде шеберлігімен көзге түскен бірқатар ойыншылар “Үздік қорғаушы”, “Үздік қақпашы”, “Үздік шабуылшы”, “Үздік сұрмерген”, “Көрермен көзайымы” және “Үздік ойыншы” номинациясымен марапатталды.

Ал аяқлоп шеберлері арасындағы сайысқа төрелік еткен Бақытжан Нұрпейісовке “Үздік төреші” номинациясы табысталды. Жарыс соңында жеңімпаз командалар мен үздік ойыншыларға дипломдар мен қаржылай сыйлықтар табысталды.

К.БАЛҒАБАЙҰЛЫ.



БАҚ ӨКІЛДЕРІ БАҚ СЫНАСТЫ

“Сыр медиа” ЖШС мен “Қаламгерлер қауымдастығы” ҚБ және “Қазақстан Журналистер одағы” облыстық филиалының ұйымдастыруымен белгілі журналист Оразбек Мақсұтұлын еске алуға арналған БАҚ өкілдері арасында билырдтан V турнир өтті. Тастаяқ шеберлері арасындағы тартысты бөсекеңін ашылу салтанатында сөз алған Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Ә.Рахымбекұлы, серіктестік бас директоры А.Оңғарбаев қарымды қаламгердің өмірі мен шығармашылығына тоқталды.

Сондай-ақ, О.Мақсұтұлының ағайындары атынан Әжібек Мампаев, зайыбы Бибігүл Бәйімбетова ұйымдастырушыларға алғысын жеткізді.

Дәстүрлі турнирге 20-ға жуық ойыншы қатысып, жүлделі орындарды сарапка салды. Қорытындысында І орынды Бақытжан Бегімбай жеңіп алды. Ал ІІ орынды Руслан Айтманбетов иеленсе, келесі орынға “Қазақстан-Қызылорда” телеарнасының тілшісі Тәжімұрат Әлжанов тұрақтады. Жүлделі орындардан бөлек турнир барысында шеберлігімен көзге түскен ойыншылар бірқатар номинациялар бойынша марапатталды.



“ПетроҚазақстан” спорт кешенінде белгілі журналист Әділхан Бәйменовті еске алуға арналған БАҚ өкілдері арасында футболдан дәстүрлі турнир өтті. Турнирдің ашылу салтанатында сөз алған Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Ә.Рахымбекұлы мен “Сыр медиа” ЖШС бас директорының орынбасары Қ.Шарабидинов журналистің шығармашылығы мен өмірінен естеліктер айтып, спорттық шапаның маңыздылығына тоқталды.

Аяқлоп шеберлері арасындағы тартысты бөсеке біейі үшінші мәрте ұйымдастырылып отыр. Сайысқа БАҚ өкілдерінен құралған 9 команда бақ сынасып, жүлделі орындарды сарапка салды. Турнирді

“Қоғам ТВ” мен “Баспасөз қызметі” командалары ашып, 2:2 есебімен тең түссе, келесі ойында “Сыр медиа” мен “Жас медиа” командалары да 3:3 есебімен ойынды қорытындылады. Басқа да командалар арасындағы сайыстар тартысты өтіп, жартылай финалда “Жас медиа” мен “Меншікті тілшілер” және “Қазақстан-Қызылорда” мен “Жас тілшілер” командасы жолықты. Бірінші ойында айқын басымдықпен “Меншікті тілшілер” жеңіске жетсе, келесі сайыста 4:1 есебімен “Қазақстан-Қызылорданың” жігіттері алға шықты.

Финалда “Меншікті тілшілер” мен “Қазақстан-Қызылорда” командалары жолығып, 4:1 есебімен “Қазақстан-Қызылорда” жеңіс тұғырынан көрінді. Осылайша биыл

да ақтық сайыста оза шапқан “Қазақстан-Қызылорда” жігіттері дәстүрлі турнирдің жеңімпазы атанды. Ал келесі орынға “Жас медиа” командасы тұрақтады. Жеңімпаз командаларға дипломдар мен қаржылай сыйлықтар табысталды. Ойын барысында шеберлігімен көзге түскен “Жас медиа” командасының ойыншысы Серік Испанов “Үздік қақпашы” номинациясымен марапатталса, “Жас тілшілер” командасының ойыншысы Бакберген Әбдіқасымға “Үздік ойыншы” номинациясы берілді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

«КСЕЛЛ» БИЛЛИНГТІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

2016 жылдың 1 шілдесінен бастап «Kcell» компаниясы ұсынылатын қызметтер есебіннің және Kcell абоненттері үшін олар бойынша есептеулер жүргізудің әдістемесін өзгертпейді. Жаңа AMDOCS биллингтік платформа-сы нарыққа пайдаланушыларға арналған инновациялық өнімдер мен қызметтердің жеделдептегінен шығарылуына ықпал ететін болады. Одан басқа, тарифтеудің жаңа жүйесіне көшу және есептеулердің жаңа тәртібі операторға сервисінің барынша жоғары деңгейін ұсы-нуға және клиенттермен барынша жекелендірілген қатынастар құруға мүмкіндік береді.

Жаңа биллинг платформасына көшуге байланысты Kcell абоненттері үшін шарттардың бірқатары өзгереді. 2016 жылдың 1 шілдесіне дейін Kcell абоненттеріне есептеудің аванстық әдісімен қызмет көрсетілетін биллингтік платформа оператор алдында берешектің құрылуына жол беретін еді, себебі жеке шотта қаражат біткен сәтте абонент сөйлесуді жалғастыра ала-тын немесе мобильдік Интернетті пайдалана алатын еді. Жаңа биллингтік жүйені пайдалану операторға Kcell абоненттерін минусқа кіргізуге мүмкіндік бермейді, халықаралық роуминг қызметтерін қоспағанда, себебі операторлар-серіктестердің барлығы осы қызмет бойынша нақты уақыт режимінде қосылуды есептеу жүйесін пайдаланбайды”.

Есептеулердің аванстық тәртібі бар абоненттерге ұялы байланыс қызметтерін көрсету теңгерімдегі қолжетімді ақша қаражаттарының шектерінде ғана ұсынылатын болады. Есеп-теулердің кредиттік тәртібі бар абоненттер үшін (жеке және корпоративтік клиенттер) – кредиттік лимит біткенге дейін, ұялы байланыс қызметтерін көрсету Ережелерінің 43 т. Белгіленген жағдайларды қоспағанда. Сондай-ақ, есептеулердің кредиттік тәртібі бар Kcell абоненттері үшін кредиттік лимит енді жаңар-тылатын болады. Яғни, келесі айдың 1-ші күніне дейін абон-ент кредиттік лимитті игерді ме жоқ па, тәуелсіз, жаңа ай басталғаннан бастап оған оның кредиттік лимитінің толық сома-сы қолжетімді болады.

Тағы бір өзгеріс абоненттік төлемді есептен шығару тәртібіне қатысты болады. Есептеулердің аванстық тәртібі бар абонент-терде тарифтік жоспарға қосылған кезде абоненттік төлем, қосылған күнді қоса алғанда, күнтізбелік айдың соңына дейін қалған күндер санына ғана, және содан кейін айдың әрбір бірінші күнінде толық көлемде теңгерімде жеткілікті сома болған кезде ғана есептен шығарылады. Мысалы, абонент 2000 теңге-

ге теңгерімді толықтырады және 10 шілдеде абоненттік төлемі 2000 теңге болатын тарифтік жоспарға қосылады. Айдың соңына дейін қалған 22 күнге есептен шығарылуға жататын сома 1419 теңгені құрайды, ол келесі есептеуден шығады: 2000 тт/31 күн*22 күн. Бұл ретте, таңдап алынған тарифтік жоспардың шарттары бойынша ұсынылуы тиіс қызметтер көлемі ағымдағы айдың соңына дейін толығымен есептелетін болады. Осылай-ша, 1 шілдеде абоненттің шотында 581 теңге қалады (2000 теңге минус 1419 теңге). Таңдап алынған тарифтік жоспар бойынша қызметтердің бүкіл көлемін алуды жаңарту үшін, оған өзінің теңгерімін 2000 теңгеге дейінгі жеткізу үшін, 1419 теңге сомаға теңгерімді толықтыру қажет. Абоненттік төлем толығымен есептен шығарылған кезде, осы тарифтік жоспар бойынша қызметтер келесі айдың 1-күніне дейін толық көлемде абонент-ке қолжетімді болады. Егер абонент болған айдың 1-күнінде теңгерімді толықтырмайтын болса, онда ұялы байланыстың қолданылған қызметтері үшін есептен шығару қалған сомадан, яғни 581 теңгеден, бірақ абоненттік төлемді есептен шығармау үшін көзделген тарифтер бойынша жүргізіледі. Мысалы, жаңа айдың 1 күнінде абоненттің шотында қалған 581 теңгеден ол 15 күні 500 теңге жұмсады. Оның теңгеріміндегі қалдық 81 теңгені құрайды. Бұл жағдайда бұрын таңдалған тарифтік жоспар бой-ынша қызметтердің барлық көлемін алуды жаңарту үшін абон-ент теңгерімді 2000 теңгеге дейін жеткізу үшін 1919 теңге со-масына (2000 теңге минус 81 теңге) теңгерімді толықтыруы тиіс. Бұл ретте абоненттің шотынан айдың соңына дейін қалған күндерге бара-бар сома есептен шығарылатын болады, ал қалған теңгерім келесі айға өтеді.

Осыған ұқсас шарттар кредиттік лимиті бар абоненттер-ге де қолданылатын болады. Бірақ абоненттік төлем жеткілікті кредиттік лимит бар болған кезде ғана есептен шығарылатын болады. Мұндай тәсіл, ең бастысы, корпоративтік клиенттерге қызмет көрсетуде қолданылатын болады.

Сондай-ақ, жаңа биллингті іске қосу мен байланысты бірқатар қызметтердің ұсынылу тәртібі өзгереді. Барлық өзгерістер ту-ралы «Kcell» компаниясы www.kcell.kz сайтының келесі парақтарында Kcell абоненттеріне егжей-тегжейлі хабарлайды:

https://www.kcell.kz/kk/news/3211/400 – Kcell жеке клиенттері үшін;
https://www.kcell.kz/kk/news/3212/400 – Kcell корпоративтік клиенттері үшін.

“Мүмкін болатын келесі артық төлемдерді болдырмау үшін оператор міндетті түрде абоненттерге роуминг-серіктестерде, абоненттің осындай роуминг-серіктестің еліне барған кезде, нақты уақыт режимінде қосылыстарды қадағалауға мүмкіндік беретін жүйесінің жоқтығы туралы хабарлайды.

АЛАЯҚҚА АЛДАНБА!

АЛАЯҚТАР АРАСЫНДА НЕГЕ ӘЙЕЛДЕР КӨП?

“Өзгенің ала жібін аттауға бол-майды” дейтін қазаки тәрбиеден асып кете алмайтын аңғал ағайындар, сол аңғалдықтың арқасында алаяқтарға жиі алданып қалады. Бүреудің несібісіне ортақтасып, оңай олжа табуды мақсат тұтқан алаяқтармен күрес қоғамда қарқынды жүруде десек те, нәтижесі көңіл көншітпейді. Қадағалаушы орган қызметкерлерінің айтуынша, алаяқтар көбінесе ақшаға көз тігетін көрінеді. Ал олардың арбауына әйелдер жиі түседі екен.

Құрыққа түскен азаматтардың ортақ ерекшелігі – заңды білмеуі. Жапа шеккен адамдар әдетте: “Не болғанын түсінбей қалдым”, “Ішпінз жасалды ғой деймін”, “Оз сондай сенімді сөйлегендіктен нанып қалдым” дегенді жиі айтып жатады. Олар қанша жерден алданбаймын десе де, жылпостардың жетегінде кеткендерін сөзбей де қалады.

Өзгенің жылжымайтын мүлкі мен көлігін алаяқтықпен иеленіп кеткендердің көбісөз екекті мәселе болып отырса, жұмысқа орналастыруға уәде бергіштер мен мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау жұмыстарына қолжестіруге уәде ететіндер, сондай-ақ ақша айырбастаушы, телефоннан ха-барласушы, жалғызбасты қарттардың үйлерін тартып алушы алаяқтар да көбіейген.

Қазылорда қалалық №2 соты өткен әсерсөзінде қарапайым халықтың сеніміне кірген несие алып бергіш алаяққа үкім шығарды. Талай мәрте бейбұз жандарды алдап соттап, оңай олжаға кенеліп келген сотталу-шы келіншек 3 жәбірленуші А-ға жеке шаруашылық атынан “Алтын Банкден” 5 млн теңге алып беруге уәде етеді. Ол үшін алдында 100 мың теңге алған алаяқ артығына несие құжаттарын реттестіріп жатқанын айтып, тағы да 100 мың теңге қажет екендігін ескертеді. Сөйтіп, аталған сомаға бағалап, А-ның комплект бриллиант сақинасы мен сырғасын алады. Бұған да қанағат болмаған сотталушы жәбірленушіге қазіргі таңда Қызылорда қаласында несие беру уақытына тоқтап тұрғандығын, тағы да 400 мың теңге төлеуі керектігін айтып, құндыз шұбысы мен алтын жүзігін алдап ала-ды. Алуды ғана білетін алаяқ несие дайын болып қалғанын айтып, өзінің қазір Алматы қаласында жүргенін жеткізіп, 200 мың теңге қаржыны жеке кезегінің шотына аударған. Осылайша бір жәбірленушінің өзіне 1 млн 25 мың теңге мүлдік шығын келтірген.

Сот үкімі бойынша кінәлі деп танылған сотталушы 3-ның мүлкі тәркіленіп, оны өмір бойы ұйымдарда басшылық лауазымдарды атқару құқынан айыра отырып, 3 жыл 6 айға бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалды.

Б.БЕРДІБАЕВ.

Менің іс:

Сыр медиа

жауапкершілігін шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі

телефакс

70-00-36

Менің іс:

Сыр медиа

жауапкершілігін шектеулі серіктестігі

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӨБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі

40-02-17

Бас редакцияның

орынбасары

70-00-43

Жауапты

затты

70-00-81

бөлімдер:

руханат және өлпарат - 70-00-64, 70-00-73

экономика - 70-00-41, 70-00-68

әлеумет және саясат - 70-00-41

жарнама - 70-00-49, 70-00-52

көшімдік - 70-00-39, 70-00-38

заңгер - 70-00-42

компьютер орталығы - 70-00-34

корректор бөлмі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:

Жамбыл Табыбаев - 8724 38 2-34-07

Шіелі, Жанкөкөз:

Нұржан Елпаш - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru

sile: www.syrboyi.kz

Газет аттысына 3 рет: сәуірсөз, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мәдениет комитетіне тапсырылған

Тіркеу нүктесі №12993-г. 27.08.2012 ж.

“Сыр бойы” облыстық газеті

ҚР СТ ИСО 9001-2009

“Сыр медиа” ЖШС-ы өз баспасына қатысты

Баспасы: Қызылорда қаласы

Баспасы: Сұлтан көшесі, 4

Газет редакцияның компьютер орталығында қатысты “Сыр медиа” ЖШС-ы өз баспасына қатысты

Баспасы: Қызылорда қаласы

Баспасы: Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына “Халық” - 23-64-51, “Евразия-Пресс” - 27-62-84 қауыпты.

Редакция менен-жауы:

Қызылорда қаласы, Бейбітші Сұлтан көшесі, 4

Таралымы: 25256

Тапсырыс № 722